

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті



**«БЕКІТЕМІН»**  
Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университетінің ректоры

\_\_\_\_\_ С.Ж.Пірәлиев

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2011 ж.

**Білімді бақылауға арналған тест тапсырмаларын  
дайындауға қойылатын  
ТАЛАПТАР**

Көшірме	Код	Басылым	Дайындаған	Келісілген	Келісілген
	ТҚазҰПУ 5001-11	бірінші	Д.Н.Исабаева	Л.А.Жанбаева	М.Е.Ермаганбетов
				С.А.Махмутов	

	<b>Абай атындағы ҚазҰПУ</b>	<b>Күні: 28.10.2011</b>	<b>Басылым: бірінші</b>
	<b>Білімді бақылау тест тапсырмаларын дайындауға қойылатын талаптар</b>	<b>ТҚазҰПУ 5001-11</b>	<b>3 беттен 2</b>

## 1. ЖАЛПЫ СИПАТТАМА

1.1 Пәндер бойынша тест тапсырмалары ҚР МЖБС мамандықтарының типтік, жұмыс оқу бағдарламаларына сәйкес оқу бағдарламасының негізгі ұғымдарын, тақырыптарын, тарауларын меңгеру деңгейін анықтау мақсатында құрастырылуы тиіс.

1.2 Тест тапсырмалары нақты талаптарға (білімді бейнелейтін параметрлерін дұрыс тандау), тест мазмұнының оқыту нәтижесіне сәйкес болуымен қатар, тексерілетін оқу материалын толықтай қамтуы керек.

1.3 Тест тапсырмалары оқу пәнінің жұмыс бағдарламасында қарастырылған барлық тақырыптарды қамтуы тиіс және 3 күрделілік деңгейде құрастырылуы қажет (1-жеңіл, 2- орташа, 3- күрделі).

1.4 Пәннің әрбір тақырыбы бойынша сұрақтардың пайыздық қатынасы жұмыс бағдарламасында жоспарланған сағат санына сәйкесінше болуы тиіс.

1.5 Тест тапсырмалары нақты, анық, қысқа құрастырылуы қажет. Тестілеу тіліне сәйкесінше қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі нақты терминдер қолданылуына мән беру керек.

1.6 Тест тапсырмалары 1 дұрыс жауаптан тұратын 5 жауап нұсқасынан құрастырылуы қажет.

1.7 Тест тапсырмалары қайталанбауы тиіс.

1.8 Жауаптың барлық нұсқалары тапсырманың негізгі бөлігімен грамматикалық үйлесімділікте болуы қажет.

1.9 Тест құрастыруда тапсырманы орындауға берілетін уақыт 1,5 минуттан аспауы тиістігін ескеру керек.

1.10 Тест тапсырмаларының саны пәнді оқып үйренуге берілген кредит көлеміне байланысты құрастырылады: 1 кредит – 150; 2 кредит – 250-300; 3 кредит – 400-450; 4 кредит – 550-600.

1.11 Тест тапсырмасын құрастырушы оның сапасына: мазмұнына, сауаттылығына, дұрыс жауаптың қате болмауына толықтай жауапты. Құрастырушы тест тапсырмасы сапасының дұрыстығын тесті тапсыру кезінде тіркеу журналына қол қоюмен растайды.

1.12 Тест тапсырмалары факультеттің ОӘК отырысында қарастырылып бекітілгеннен кейін (хаттама № және күні көрсетілген), бақылау және бағалау бөліміне бекітілген уақыт аралығына дейін электронды түрде жеткізуі тиіс.

1.13 Тест тапсырмаларын студенттерге беруге **тиым салынады**.

1.14 Тест тапсырмаларының құпиясын сақтау жауапкершілігі профессор-оқытушылар құрамына, кафедра лаборантына, бақылау және бағалау бөлімінің қызметкерлеріне жүктеледі.

## 2. Тест тапсырмаларын рәсімдеуге арналған талаптар

2.1. Құжаттың басында мамандық шифрын, пәннің толық аталуын, курсың, оқыту тілін және тест тапсырмасын құрастырушылар фамилияларын, сонымен қатар, тестілеуге бөлінген уақыт және бір нұсқада берілетін тапсырмалар саны берілуі керек. Мысалы:

Мамандық шифры: 050114- Тарих

Пәннің толық аталуы: Европа және Америка елдерінің тарихы

Кредит саны: 2

Курсы: 2

Оқыту тілі: қаз.

Құрастырушы фамилиясы: Каирбекова Р.В.

Бір тест тапсырмасын орындауға берілетін уақыт 1,5 мин.

2.2. Тест тапсырмалары Microsoft Word редакторында («Times New Roman» шрифті, шрифт өлшемі №12) келесі шаблон формасында терілуі тиіс (Шаблон [www.kaznpu.kz](http://www.kaznpu.kz) сайтында, білімді ақпараттандыру институты блогында құжаттар сілтемесінде берілген):

	<b>Абай атындағы ҚазҰПУ</b>	<b>Күні: 28.10.2011</b>	<b>Басылым: бірінші</b>
	<b>Білімді бақылау тест тапсырмаларын дайындауға қойылатын талаптар</b>	<b>ТҚазҰПУ 5001-11</b>	<b>3 беттен 3</b>

### ЖАБЫҚ СҰРАҚТАРҒА АРНАЛҒАН ШАБЛОН (БЕС ЖАУАП НҰСҚАСЫ ҚАМТЫЛҒАН)

№	об	дж	Сұрақ денесі (жауаптар нұсқалары)	Тақырыбы (Тарау)	б	ст
1	Т		Сұрақ денесі	[...]	1	Лек
	А		А жауабының нұсқасы			
	В	+	В жауабының нұсқасы			
	С		С жауабының нұсқасы			
	Д		Д жауабының нұсқасы			
	Е		Е жауабының нұсқасы			
2	Т			[...]	1	Лек
	А					
	В					
	С					
	Д					
	Е					

**Ескерту: кестеге жолдарды, бағаналарды қосуға, немесе ұяшықтарды бөлуге немесе біріктіруге, «кестенің тақырыптарын» өзгертуге болмайды.**

#### Қысқарту:

- № - сұрақ нөмірі;
- об - объект - "Т" (сұрақ) немесе "А", "В", "С", "Д", "Е" (жауап нұсқасы);
- дж – дұрыс жауабы ("+" белгісімен белгіленеді). Сұрақта бір ғана жауап дұрыс болуы тиіс;
- Тақырыбы (Тарау)- Тақырып пен тарау енгізілетін өріс. Шаблонда: [...] деп көрсетіліп тұрады;
- б - балл (сұрақтың күрделілігі). Мүмкін болатын мәндері 1,2,3 (1-жеңіл,2 – орташа,3- күрделі);
- ст – сұрақтың типі. Мүмкін болатын мәндері:
  - Лек (Дәрістік);
  - Сем (Семестрлік сабақ);
  - СӨЖ (СӨЖ);
  - ПРС (Практикалық сабақ);
  - Лаб (Лабораториялық сабақ);
  - СКЖ (Студенттің курстық жұмысы);
  - ОӨП (Оқу-өндірістік практика);
  - Дип (Диплом жұмысы);
  - МЭЖ (Мем. экзамен).

#### Ескерту:

- жасыл түс арқылы ақпаратты енгізуді қажет етпейтін ұяшықтар белгіленген;
- сары түс арқылы мәліметтері өзгертілмейтін ұяшықтар белгіленген;
- ақ түс арқылы өзгерістер енгізуге болатын ұяшықтар белгіленген.